

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Ускенбаева Лаззат Рысбековна**

---

*«Морфология. Зат есімнің түрленуі» бойынша орыс  
тілінде оқытылатын сыныптарға арнап жазылған*

**АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА**

**ӘӨЖ 811.512.122**  
**КБЖ 81.2**

**Рецензенттер:**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы  
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін  
педагогика-психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ  
тренері, аға оқытушы **Ф.Б.Ғалымжанова**.

**Морфология. Зат есімнің түрленуі // құрастырушы автор:**  
**Л.Р.Ускенбаева** – Жамбыл облысы Қордай ауданы  
«№12 Масанчи орта мектебі» КММ орыс тілді сыныптардағы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2021. – 54 б.

**ISBN 978-601- 2300-12-5**

Құрастырушы автор қазақ тіл білімінің салалары,  
морфология, зат есім бойынша оқушыларға терең білім беру  
мақсатында авторлық бағдарлама жасаған. Түбір, қосымша, зат  
есімнің түрленуі, сөйлемдегі қызметі туралы білім  
қалыптастыруды реттілікпен, жүйелі түрде төменгі басқыштан  
күрделіге қарай жылжып отырып, білім беру стандартына сай  
орындап шыққан.

**ӘӨЖ 811.512.122**  
**КБЖ 81.2**

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы  
20 қыркүйектегі №2 хаттамасына сәйкес сараптау  
комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

**ISBN**

**978-601- 2300-12-5**

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



**Рецензенттер:**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы  
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін  
педагогика-психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ  
тренері, аға оқытушы **Ф.Б.Ғалымжанова**.

**Құрастырушы автор:**

**Ускенбаева Лаззат Рысбековна**

Жамбыл облысы Қордай ауданы

«№12 Масанчи орта мектебі» КММ орыс тілді сыныптардағы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

## Түсінік хат

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айбыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биіктетеді. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастар еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

Жастар – кез келген мемлекеттің ең белсенді мүшесі. Бүгінгі алдымыздағы шәкірттеріміз – егеменді елдің ертеңі, ата-бабамыз сан жылдар армандаған тәуелсіздігімізді, ұрпақтар сабақтастығын көзінің қарашығындай сақтайтын, жалғастыратын тұлғалар.

Бүгінгі білім беру жүйесінің міндеті – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзіретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, оңтайлы әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті азамат тәрбиелеу. Сондай-ақ, білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, мемлекеттік тілді, тарихты жетік меңгерген, Отандық және әлемдік мәдениетті бойына сіңірген, шығармашыл кәсіби маман иесін дайындау.

«Тілге құрмет – елге құрмет» - демекші,

оқушыларымызды көп ұлтты мемлекетіміздің тілін құрметпен, қастерлеп отырып меңгеруге бағыттау – өзге тілді мектептерде сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басты міндеті деп білемін. Осы жоғарыда келтірілген мақсаттарға сай нәтижелерге қол жеткізу үшін орыс сыныбындағы қазақ тілін оқитын оқушылардың қабылдау табиғаты мен жас ерекшелігін, мемлекеттік білім беру стандартын негізге алып, «Морфология. Зат есімнің түрленуі» тақырыбында авторлық бағдарлама дайындадық.

34 сағаттық авторлық бағдарлама 8-сыныптың вариативті сабақтарына арнап жазылған. Авторлық бағдарламамен оқыта отырып, біз төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

### **Бағдарламаның міндеттері мен күтілетін нәтижелері:**

- оқушы қазақ тіл білімінің салалары туралы білім қалыптастырады;
- морфологияның атқаратын міндетін ажырата білетін болады;
- қосымша және оның түрлерімен танысады;
- жұрнақ пен жалғауды ажыратуды үйренеді;
- сөз тұлғасы, түбір сөз бен туынды сөз туралы білім қалыптастырады;
- сөзді құрамына қарай ажыратуды меңгеріп, дара сөз, күрделі сөздерді танып біледі;
- зат есімнің мағыналық түрлерімен танысады;
- зат есімнің түрлену жолдарын меңгереді;
- зат есімнен зат есім жасаушы жұрнақтармен танысады;

- зат есімнің сөйлемдегі қызметін анықтауды үйренеді;
- зат есімнің емлесін толыққанды үйренетін болады;
- сөйлем мүшелері жайлы білім қалыптастырады.

**«Морфология. Зат есімнің түрленуі» тақырыбындағы  
вариативті сабақ бойынша күнтізбелік-тақырыптық  
жоспарлау**

Аптасына – I сағат

Р\с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Тіл білімінің салалары мен тараулары жайлы түсінік.	I		
2	Морфология. Түбір. Негізгі түбір және туынды түбір.	I		
3	Қосымша. Жалғау және жұрнақ.	I		
4	Сөз құрамы. Дара және күрделі сөздер.	I		
5	Сөз құрамы. Жер, су атауларына байланысты күрделі зат есімдер.	I		
6	Бірігу жолымен жасалған зат есімдер.	I		
7	Қосарлану жолымен жасалған зат есімдер.	I		
8	Тіркесу жолымен жасалған зат есімдер.	I		
9	Зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар.	I		
10	Зат есімнің реңк мәнін тудырушы жұрнақтар.	I		

11	Зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар.	I		
12	Деректі, дерексіз зат есімдер.	I		
13	Зат есімнің түрленуі. Жіктік жалғаулары жайлы түсінік.	I		
14	Тәуелдік жалғаулары. Зат есімнің тәуелденуі.	I		
15	Оңаша және ортақ тәуелдену.	I		
16	Көптік жалғаулары. Зат есімнің көптелуі.	I		
17	Зат есімнің септелуі. Жай септеу және тәуелді септеу.	I		
18	Морфологиялық сатылай талдау	I		
19	Тұйық етістіктен болған зат есімдер.	I		
20	Жіктеу есімдігінен болған зат есімдер.	I		
21	Болымсыздық есімдігінен болған зат есімдер	I		
22	Белгісіздік есімдігінен болған зат есімдер.	I		
23	Сілтеу есімдігінен болған зат есімдер.	I		
24	Есімше тұлғалы етістіктен болған зат	I		



	есімдер. диктант			
25	Морфологиялық сатылай талдау	I		
26	Зат есім тақырыбы бойынша диктант	I		
27	Зат есімнің сөйлемдегі қызметі	I		
28	Бастауыш және зат есім	I		
29	Бастауыш.	I		
30	Баядауыш.	I		
31	Анықтауыш.	I		
32	Толықтауыш.	I		
33	Пысықтауыш.	I		
34.	Зат есімдер бойынша тест тапсырмалары. Жылдық қайталау.	I		

**Барлығы: 34 сағат**

## **Зат есім бойынша тапсырмалар**

### **1.Тіл білімінің салалары мен тараулары жайлы түсінік**

Тіл білімі лингвистика (грек lingua–тіл) – тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл білімінің зерттеу нысанасы – тіл. Тіл – адамның табиғи тілі. Тіл – таңбалар жүйесі. Тіл – қоғамның ең маңызды байланыс құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Осыдан келіп тіл білімінің салалары шығады.

Тіл білімінің салалары: фонетика, лексика, грамматика (сөзжасам, морфология және синтаксис) стилистика. Тілдің әр түрлі жақтары: дыбыс жүйесі, сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы бір-бірімен тығыз байланыста болады. Өйткені, тіл білімінің әр түрлі жақтары мен салалары, олардың дамуын, өзара байланысын, тіл дамуының ішкі заңдары зерттейді.

Морфология – сөз бен оның формалары туралы тіл білімінің бір саласы. Сөздер жеке тұрғанда түбір қалпында жұмсалады. Сөйлеу кезінде бірнеше сөз байланысқа түседі. Бұл байланысты тілдегі бірнеше бөлшектер жүзеге асырады. олар түбір мен қосымшаға жіктеледі. Түбір сөздің мағына беретін бөлшегі болса, қосымшаның жұрнақ деп аталатын түрі жаңа сөз тудырады немесе жаңа сөзді түрлендіреді. Ал жалғаулар сөзбен сөзді байланыстырады.

Морфологияның негізгі материалы – морфема. Морфология сөздің грамматикалық тұлғаларын жеке бір тілдегі сөздердің диахрондық (тарихи даму), синхрондық (қазіргі кездегі) көрінісімен де зерттейді. Морфология сөз тұлғаларының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске

түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесімен де айналысады. Сөздің тұлғасы, мағынасы және атқаратын қызметі сөйлем құрамында ғана анықталатын болғандықтан, сөзді синтаксиспен байланысты қарастырады. Демек сөзді лексика-грамматикалық сипаты тұрғысынан айқындайды.

Қазақ тіліндегі сөздер морфологиялық тұрғыдан жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді. Жалаңдар сөздің түпкі мағынасын білдіретін түбір сөздер де, күрделілер кем дегенде екі сөзден құралатын біріккен, қосарланған, күрделенген (ақ құба, ақ сары) сөздер. Жалаң сөздер құрамы жағынан түбір тұлғалар мен қосымшалардан құралады. Түбірлер сөздің негізгі лексикалық мағынасын білдіреді де, қосымшалар түбірге неше түрлі грамматикалық мағыналар үстейді. Мысалы, ұйымдастырушылардың бірі деген сөз тіркескендегі алғашқы сөз ұйым+дас+тыр+у+шы+лар+дың болып 7 бөлшектен тұрады. Мұндағы ұйым – негізгі түбір, -дас – сөзжасам қосымша, -тыр – өзгелік етіс жұрнағы, -у – қимыл есім жұрнағы, -шы – сөзжасам жұрнақ, – лар – келтік жалғауы, -дың – ілік септігі жалғауы. Бұлардың әрқайсысының өзіндік лексикалық және грамматикалық мағыналары бар.

### **Тіл білімінің салалары нешеу және оларды атаңыз.**

А) Тіл білімінің салалары – 3, олар: лексика, фонетика, грамматика.

Ә) Тіл білімінің салалары – 5, олар: фонетика, лексика, морфология, синтаксис.

Б) Тіл білімінің салалары – 2, олар: лексика және грамматика.

### **Морфология нені зерттейді?**

А) Сөз түрлерін зерттейді, сөз мағынасын зерттейді.

Ә) Сөз таптарын, түбір мен қосымшаны зерттейді.

Б) Сөйлем және оның түрлерін зерттейді.

## **2.Сөздерді тұлғасына қарай ажыратып жазыңыз.**

Сушы, ғалым, жылқылар, жұмысқа, арманшыл, егеменді, мақтаншақ, алыстау, көлдер, кітаптан, ізденгіш, ет, етікші, тау, таулар, бала, балалық.

Негізгі түбір зат есімді бөлек, туынды зат есімді бөлек жазып көрсетіңіз.

Түбір зат есімдер:.....

.....

.....

.....

Туынды зат есімдер:.....

.....

.....

.....

## **3.Қосымша. Жалғау және жұрнақ.**

Қосымша дегеніміз – сөзге жалғанатын дыбыстық бөлшек. Ол 2-ге бөлінеді: жалғау және жұрнақ. Осы ережеге сай түбір сөздерге 5 мысал. Қосымшалы сөздерге 5 мысал жазыңыз.

### **Кестені толтырындар.**

Мысалдар: Түбір – Жұрнақ – Жалғау

Балықшыға

Білімдіні

Таулы

Малшылар

Кітапханаға

Оқушылардың

Жазушыда

**Бес мақал-мәтел жазып, ондағы түбір сөздерге қосылған қосымшалардың түрлерін ажыратындар.**

1.....

.....

2.....

.....

3.....

.....

4.....

.....

5.....

.....

**4.Сөздерді құрамына қарай ажыратып жазыңыз.**

Дара зат есімдер:.....

.....

.....

.....

Күрделі зат есімдер:.....

.....

.....

.....

**5. Зат есім жалпы есім және жалқы есім болып екіге бөлінеді. Біркелкі заттардың жалпы атауы жалпы есім деп аталады.**

Заттардың ішіндегі бір түрінің өзіне ғана қойылған аты жалқы есім деп аталады. Мысалы: кісі адам деген жалпы

адам атаулыға тән ат болса, Байжан, Гүлнар дегендер адам атаулының бәріне емес, жеке кісілерге ғана қойылған. Жалқы есім, әдетте, жеке кісінің аты-жөні, мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, көше, ұйым, мекеме, зауыт, фабриканың жеке аттары, географиялық (жер, су, т. б.) атаулар, әр түрлі шығарма (газет, журнал, кітап, ән, күй, би, т. б.) аттары, мал, құс, хайуанаттарға арнайы қойылған (Тайбурыл, Құлагер, т. б.) аттар болып келеді. Жалқы есімдер бас әріптен басталып жазылады.

**1) Өздерің білетін жалқы есімдерді естеріңе түсіріп, дәптерлеріңе жазыңдар.**

- 1) кісі аттары;
- 2) мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, ауыл атаулары;
- 3) ұйым, мекеме, зауыт, фабрика, ұжым атаулары;
- 4) жер, су атаулары;
- 5) газет-журнал, кітап, ән, күй, шығарма аттары;
- 6) жылқыға, сиырға, түйеге, итке, т. б. хайуанаттарға қойылатын аттар.

**2) Жалқы есім мен жалпы есімді теріп жаз.**

Бурабайды бұрын көрмеген Жақыпбек айналасына қарады. Ол біресе көлге біресе Сыыртас пен Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге, біресе Бөлектәуға тамсана қарады. Бұл жерде бірнеше рет болған Бану мен Байсал да сұлу табиғатты тамашалап тұр. Осы жерде Майбалық көлі де бар. Оның суы асқазан ауруын емдейді

**3) Төмендегі сөздердің жалпы есім не жалқы есімдер екендігін жазып көрсетіңіз.**

Екібастұз	Сарыағаш	Гүлдер
Кітаптар	Асан	
Теміртау	Ағаштар	Ақжүніс Ақтөбе

Алакөл	Балалар	Үнтаспа	Қарлығаш
Ой	Сағыныш	Шелек	Қиял
Мемлекет	Республика	Ұлт	Қазақстан
Белбеу	Хайуан	Фабрика	Шығарма
Сарыарқа	Ұлан	Мөлдір	Бұлақ
Театр	Азық-түлік	Әнші	Сенім.

**6. Берілген сөздерді қатыстыра отырып төмендегі үлгіде сөйлем құраңдар. Зат есімдерге морфологиялық талдау жасандар.**

Үлгі: Абай Құнанбаев – қазақтың көрнекті ақыны.

1. Мәншүк Маметова – .....

.....  
 .....

2. Әлия Молдағұлова – .....

.....  
 .....

3. Әлібек Дінішев – .....

.....  
 .....

4. Талғат Мұсабаев – .....

.....  
 .....

**7. Бірігу жолымен жасалған зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыз.**

Ермексаз, Алатау, ақбөкен, алабұға, аққу, Елдос, Ақшолпан, Гүлназ.

### **8. Қосарлану жолымен жасалған зат есімдерді жалқы есім, жалпы есім түрлеріне ажыратып жазыңыз.**

Ата-ана, ата-әже, көрші-қолаң, шай-пай, бала-шаға, ауыл-аймақ, Асан-Үсен, Айман-Шолпан, Тянь-Шань, Қозы Көрпеш-Баян сұлу.

Тіркесу жолымен жасалған зат есімдер
--------------------------------------

Зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар.
--

### **9. Мәтіннен тіркесу жолымен жасалған зат есімдерді теріп жаз.**

#### **Менің Отаным – Қазақстан**

Менің Отаным – Қазақстан Республикасы. Қазақстан – өте бай, тәуелсіз, қуатты мемлекет. Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі, қазақ халқының тілінен басқа ұлт өкілдерінің тілі мен әдеп-ғұрпының дамуына да жағдай жасалған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Нұр-Отан партиясының басшылығымен жүзеге асырылатын ұлттар мен ұлыстар мәдениеті мен өнерін дәріптеу, өзара құрмет, татулық, бірлік тәрізді игілікті істер – мемлекет тұтастығының кепілі.

Қазақстан – көрікті, сырға толы қасиетті мекендерге бай өлке. Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан, ал екінші оңтүстіктегі астанасы – Алматы қаласы.



Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан қаласында ислам әлемінің екінші Меккесі саналатын Қожахмет Яссауи кесенесі бар.

### **10. Зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар.**

Зат есім негізгі және туынды зат есім, күрделі зат есім болады. Туынды зат есімдер жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы: қой-шы, куй-ші, ай-лық, жақсы-лық, біл-ім, аялдама, бұр-ғы, айт-ыс, куре-к т. б.

Зат есімдер бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы да жасалады. Олар күрделі зат есім деп аталады. Мысалы: өнеркәсіп, белбеу, ашудас, Көкшетау, Сарысу, аяқ-табақ, азық-тулік, ауыл-аймақ, қант қызылшасы, қызыл отау, Арал теңізі т. б.

Зат есім тудыратын жұрнақтар. Қазақ тілінде зат есім болып саналатын сөздердің көпшілігі қосымша арқылы жасалған туынды сөздер болып табылады. Ондай жұрнақтар үлкен екі топқа бөлініп жүр.

1. Есімдерден (зат есім, сын есім, сан есім т. б.) зат есім сөздерін тудыратын жұрнақтар.

-шы, -ші: етік-ші, ән-ші, балық-шы, аң-шы т. б. Бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер көбіне кәсіп, мамандық, бірдеңеге икемділікті білдіреді.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: жақсы-лық;, шебер-лік, шын-дық, дос-тық т. б. Ондай сөздер жалпылық, қалыптық, қатыстық мән білдіреді. -шылық, -шілік құранды (-шы+лық, -ші+лік) жұрнағы: егін-шілік, кем-шілік, тір-шілік, айырмашылық т. б.

-ша, -ше: бөлім-ше, кітап-ша, маңдай-ша т. б. -шық, -шік: ойын-шық, уй-шік, қап-шық т. б. -ыл, -іл, -л: тарс-ыл,

гурс-іл, дір-іл, т. б. Бұл жұрнақ көбінесе еліктеу сөздерге жалғанып, сол құбылыстың атын білдіреді. -хана, -стан, -кеш сияқты араб-парсы тілдерінен енген қосымшалар: дәрі-хана, кітап-хана, Қазақ-стан, арба-кеш т.б.

2. Етістіктен зат есім сөздерін тудыратын жұрнақтар:

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: бөл-ме, мін-бе, тоқы-ма, кес-пе т. б.

-ым, -ім, -м: бөл-ім, біл-ім, тый-ым, тоқта-м, байла-м т.б.

-қы, -кі, -ғы, -гі: шап-қы, бұр-ғы, суз-гі, ашыт-қы т. б.

-ыс, -іс, -с: жең-іс, айт-ыс, бөл-іс, тала-с, тойтар-ыс т. б.

-ық,, -ік, -қ, -к: қазы-ық, көр-ік, тукір-ік, тоз-ық, сұра-қ, тіле-к т. б.

-ақ, -ек, -қ, -к: қон-ақ, тіре-к, күре-к, жат-ақ т. б.

-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: бас-қыш, сүз-гіш, қыр-ғыш, сыпыр-ғыш т. б.

-ын, -ін: жау-ын, ег-ін, туй-ін, жи-ын т. б.

-ыш, -іш, -щ: қуан-ыш, сүйен-іш, өкін-іш, қызған-ыш т.б.

-уыш, -уіш: тырна-уыш, еле-уіш, туйре-уіш т. б.

-ман, -мен: оқыр-ман, көрер-мен т. б.

**Зат есімнің барлық құрамдық түрлерін, зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтарды пайдаланып, «Менің жан досым» деген тақырыпта мәтін құраңдар (баяндау, суреттеу тәсілдерін пайдаланыңдар).**

**11. Зат есімдерді тауып, морфологиялық талдау жасаңдар.**

Тал басында ағаш үй,

Терезесі тамаша үй.

/...../

Ақ сарайын талқандап,  
Шықты біреу талтаңдап.

/...../

Есек құлақты, мысық аяқты,  
Түйе ерінді, ешкі құйрықты.

/...../

**12.Зат есімнен зат есім тудырушы, зат есімнің рең мәнін тудырушы жұрнақтарды** пайдаланып, «Менің досым қандай оқушы?» деген тақырыпта сыныптағы бір оқушыға мінездеме беріңдер.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

### **13.Деректі, дерексіз зат есімдер.**

Зат есімдер мағынасына қарай: деректі және дерексіз зат есім деп бөлінеді.

1) Деректі зат есім – көзбен көріп,қолмен ұстауға болатын заттар мен құбылыстардың атауы.Мысалы:тас,қалам,дәптер, сия,терезе және т.б.

2) Дерексіз зат есім – көзбен көріп,қолмен ұстауға келмейтін,тек оймен,ақылмен ғана сезіп білетін ұғымдардың атауы. Мысалы: қайғы, арман, сана, реніш, жамандық, т.б.

Деректі зат есімдер:.....

.....  
.....

Дерексіз зат есімдер:.....

.....  
.....  
.....

Берілген мақал-мәтелдерді толықтырыңдар.

1. .... атасын білмеген жетесіз.
2. Қызға ..... үйден тию.
3. Ер жігіттің ..... сөйлегені – өлгені.
4. .... рет өлшеп, ..... рет кес.
5. Білгенің – ....., білмегенің –.....
6. Бала ..... келгенше, жерден ..... таяқ жейді.

#### **14.Зат есімнің түрленуі. Жіктік жалғаулары жайлы түсінік**

«Оқушы» сөзін жіктеп көрсетіңіз:

Жекеше	Көпше
I	I
II	II
III	III

**15.Тәуелдік жалғауларын пайдалана отырып, «Менің отбасым» деген тақырыпта шағын мәтін құрастырыңыз.**

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

**16.Көптік жалғаулары. Зат есімнің көптелуі Отбасы мүшелерінің бірін қатыстырып төрт жол өлең құраңдар.**

Әжем менің әлі де...

.....

.....

.....

.....

Көптік жалғауы жалғанбаған сөздің астын сызып көрсетіңіз.  
*Балалар, шаналар, бағалар, бара-бар, білімдар, алаңдар.*

**17.Зат есімнің септелуі. Жай септеу және тәуелді септеу.**

«Әке» сөзін жай және тәуелді септеуге салып көрсетіңіз.

Жай септеу	Тәуелді септеу
Атау с.	Әкем
Ілік с.	Әкемнің
Барыс с.	
Табыс с.	
Жатыс с.	
Шығыс с.	
Көмектес с.	

## 18. Морфологиялық сатылай талдау.

Әжем

1---Зат есім

2---Сұрағы: кім?

3---Жасалуына қарай: түбір зат есім, м-тәуелдік жалғауының I жағы.

4---Құрамына қарай: дара зат есім.

5---Жалқы есім.

6---Деректі зат есім.

7---Синтаксистік қызметі: бастауыш.

## 19. Тұйық етістіктен болған зат есімдер.

«Көсеу ұзын болса, қолың күймейді».

«Жабу қисық емес, түйең қисық».

Оқтау-қамыр жаюға арналған ағаштан жасалған асханалық бұйым.

Атам әжеме жүн сабайтын сабау жасап берді.

## 20. Жіктеу есімдігінен болған зат есімдер.

**Біз** жексенбі күні тауға барамыз. **Сендер** жексенбі күні не істейсіңдер?

**Сен** кешке қонаққа барсың ба? **Мен** інімді мектепке ертіп барамын.

**Ол** бүгін барлық сабақтан «өте жақсы» деген баға алды. **Сіз** ұялы телефонның зардабын білесіз бе? **Сендер** сабаққа кешікпей келіңдер.

### **21. Болымсыздық есімдігінен болған зат есімдер.**

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Ол маған ештеңе бермеді.

### **22. Белгісіздік есімдігінен болған зат есімдер.**

**Кейбіреулер** мақтана береді.

**Әлдекім** дауыстап шақырып тұр еді.

**Әлдебіреу** есікті тықылдата бастады.

### **23. Сілтеу есімдігінен болған зат есімдер.**

**Анау** – біздің мектеп. **Бұл** – менің добым. **Ол** – жақсы оқушы. **Мынау** – осы үйдің ең үлкені. **Сол** – біздің ауылымыз.

### **24. Есімше тұлғалы етістіктен болған зат есімдер.**

I. «Ізденген жетер мұратқа». (Кім жетеді мұратқа?)

II. «Сабыр түбі – сары алтын,

Сарғайған жетер мұратқа».

III. «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу». (Кім сұлу?)

### **25. Зат есімнің сөйлемдегі қызметі.**

I. Әкем бізге қауын сойып берді.

**Әкем** – тәуелденген зат есімнен болған бастауыш, сұрағы: кімім?

II. Әкемді көпшілік қатты құрметтейді.

Әкемді – толықтауыш, сұрағы: кімді?

III. Әкемнің әдемі қамшысы бар.

Әкемнің – анықтауыш, сұрағы: кімнің?

IV. Әкемнің жанында бірнеше немерелері отыр.

Жанында – пысықтауыш, сұрағы: қайда?

V. Әкем – дәрігер.

Дәрігер – баяндауыш қызметінде тұр.

## **26. Зат есім тақырыбы бойынша диктант**

### **28. Сөйлем мүшелері жайлы түсінік**

Сөйлем мүшелері – сөйлем құрауға қатысқан толық мағыналы, белгілі бір сұраққа жауап беретін және сөйлемдегі басқа сөздермен байланысып тұратын сөздер.

#### *Сөйлем мүшелері*

Тұрлаулы мүшелер – сөйлем құрауға негіз болады.

Тұрлаусыз мүшелер – өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүшелер.

#### ● Тұрлаулы мүшелер

*Бастауыш* – сөйлемде айтылған ойдың иесі болатын мүше.

кім? не? кімдер? нелер?

кімі? несі? кімім? нем?

кіміңіз? неңіз? кіміміз?

неміз? кімдерің? нелерің?

кімдеріңіз? нелеріңіз?

Мысалы: Жазда күн өте ыстық болды.

Достарым осы жарыста жеңіп шықты.



Үшеуі сыртқа шықты.

Кеншілер сарайы адамға лық толы.

*Баяндауыш* – сөйлемді тиянақтап тұратын мүше.  
Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.

Мысалы:

Біз тауға шықтық.

Оның ойы үйге ертерек жету еді.

Оның алғаны – кітап.

Күн ыстық.

Оның түсі қара торы.

Ауыл мәдениеті өсіп келеді.

● Тұрлаусыз мүшелер

*Анықтауыш* – сөйлемде басқа мүшелердің сын-сипатын анықтап тұратын мүше.

қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қанша?  
қайдағы? қашанғы?

*Толықтауыш* – сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүше.

кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден?  
кіммен? немен?

*Пысықтауыш* – сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін (мекенін, мезгілін, т.б.) анықтайтын мүше.

қайда? қайдан? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай?  
қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен?  
қаншалықты?

**Сөйлем мүшелерінің түрлері.**

**Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер дегеніміз не?**

Орыс тіліндегі сөйлем мүшелерінің атауымен салыстырыңдар.

## 29. Бастауыш пен зат есім

Зат есімнің ережесі мен сұрақтары.	Бастауыштың ережесі мен сұрақтары.
------------------------------------	------------------------------------

## 30. Баяндауыш

Зат есімнің ережесі мен сұрақтары.	Баяндауыштың ережесі мен сұрақтары.
------------------------------------	-------------------------------------

### 31. Атау мен ілік септіктен басқа септіктің сұрағына жауап беретін сөйлем мүшесі қалай аталады?

Бес септікте келетін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі қалай аталатынын табыңыз.

### 32. Анықтауыш – сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Заттың түр-түсін білдіретін сөйлемнің тұраусыз мүшесін табыңыз.

Заттың санын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі табыңыз.

Заттың меншіктілік-тәуелділік жағын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін атаңыз.

**33.Пысықтауыш – сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.** Іс-оқиғаның мекенін, мезгілін, себебін, мөлшерін, орындалу амалын, мақсатын білдіретін, үстеудің орнына жұмсалатын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін табыңыз.

Мектептің **жанында (қайда?)** үлкен спорт алаңы бар.

Мен **жоғарыға (қайда?)** көтерілдім.

Айдоспен келісіп алу үшін **әдейі (не мақсатпен?)** ерте шықтым.

Біз **жаздыгүні (қашан?)** өзенге көп шомылдық.

Жомарт ұялғанынан **қызараңдап (қалай?, қайтіп?)** күле берді.

**34. Жылдық қайталау. Тестпен жұмыс.**

Мектеп оқушыларының өзіндік көзқарасын қалыптастыру мен жеке дамуын қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талабы. Оқушылардың сауатты болуы ұстазының да білім дәрежесіне, тәжірибесіне, іскерлік қабілетіне байланысты екені мәлім. Сондықтан оқушыларға ережелерді меңгерту, олардың тілін қалыптастыру, дұрыс, қатесіз жазуға дағдыландыру жұмыстары қашанда бір-бірімен тығыз байланыстырыла жүргізіледі. Осыған орай, баланың сабақ үстіндегі белсенділігін сақтап, дамыту үшін, мұғалім әр оқушының жеке-даралық қасиетіне қарай қосымша тапсырма беріп, оны өзі үнемі бақылап отырады.

Сыныпта жүргізілетін жазбаша жаттығу-тапсырмалар бірыңғай оқулықтан көшіру болса, ол оқушыларды зеріктіреді, сабақ кезіндегі белсенділігін кемітеді. Сондықтан жұмыс түрлері түрлендіріліп отырса деген ниетпен осы авторлық бағдарламаны ұсынып отырмын. Бұл көмекші құрал мектеп оқушыларының қазақ тілі пәнін терең оқып үйренуіне көмектесетініне сенімдімін.

## Қайталауға арналған тест тапсырмалары

1. Тұрлаулы мүшелері зат есімнен жасалған сөйлемді табыңыз.
  - А) Жүйесіз сөз иесін табар.
  - В) Ақылдының сөзі қысқа.
  - С) Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.
  - Д) Ананың көзі балада.
  - Е) Жалқау - өзіне жау.
2. Дара зат есімді көрсетіңіз.
  - А) тұрған
  - В) оқыды
  - С) күшті
  - Д) қиял
  - Е) ата-ана
3. Күрделі зат есімді табыңыз.
  - А) зейін
  - В) білгіш
  - С) әдеп-ғұрып
  - Д) самғау
  - Е) бос
4. Бастауыш қай сөз табынан жасалған? «Кішіпейілділік – кісінің көркі.»
  - А) күрделі зат есім
  - В) дара сын есім
  - С) деректі зат есім
  - Д) туынды зат есім
  - Е) жалқы есім.
5. Берілген сөзден туынды зат есім жасайтын жұрнақты

көрсетіңіз. «Адам.....»

- A) – дар
- B) – ға
- C) – ша
- D) – шылық
- E) – дікі

6. Берілген сөйлемнің ішінен күрделі зат есімді табыңыз.  
«Ата-анамның Семейге көшіп келуіне байланысты мені  
лицейге қабылдаңыз»

- A) Семей
- B) байланысты
- C) ата-анамның
- D) лицейге
- E) мені

7. Жіктік жалғауы дұрыс жалғанған зат есімді табыңыз.

- A) аспанбыз
- B) керегесіздер
- C) шәкіртпіз
- D) оқулықтармыз
- E) тіліміз

8. Тырнақшаға алынып жазылатын зат есімді табыңыз.

- A) Отырар.
- B) О.Бөкей.
- C) Зайсан.
- D) Қорқыт ата.
- E) Абай жолы романы.

9. Берілген сөйлемдегі қай зат есім бастауыш қызметін  
атқарып тұр?

«Ақ ниетпен күткен әке-шеше арманы орындалып, жайлауға

көшіп, ақ отауымызды тіктік»

- A) ақ ниетпен
- B) әке-шеше
- C) арманы
- D) ақ отауымыз
- E) жайлауға

10. Жалпы есімді белгілеңіз.

- A) «Абай жолы».
- B) Құлагер.
- C) Балқаш.
- D) «Жас Алаш».
- E) Тау.

11. Жанама толықтауыш қызметіндегі зат есімді табыңыз.

- A) Олар ауылды тексермей қоймас.
- B) Су ағуын, жел соғуын тоқтатпайды.
- C) Еліміздің тәуелсіздігінің бастауы – желтоқсан оқиғасы.
- D) Ол өзінің ағасына хат жазды.
- E) Ана тілі ғасырлар бойы жасап келеді.

12. Зат есім сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр? «Кітап оқыдық»

- A) бастауыш
- B) баяндауыш
- C) толықтауыш
- D) пысықтауыш
- E) анықтауыш

13. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді табыңыз.

- A) Тұздың емдік қасиеті бар.
- B) Аурудан аяған күштірек.

- С) Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ.
  - Д) Бес жүздей жұмыскер қосылды.
  - Е) Анам қалаға кеткен.
14. Бастауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді табыңыз.
- А) Жүзімді үзіп жейді.
  - В) Әркім өз ойын айтты.
  - С) Бұл – сенің қолың.
  - Д) Ағай жақсы кеңес берді.
  - Е) Мерекеге кешікпей келді.
15. Толықтауыш қызметіндегі зат есімді көрсетіңіз.
- А) Менің бақытым алда.
  - В) Бүркіт биікте ұшады.
  - С) Қыс келер ұзамай.
  - Д) Атамекен – қасиетті ұғым.
  - Е) Білімді кітаптан аларсың.
16. Ілік септік тұлғасындағы анықтауышты табыңыз.
- А) Күріш суда өседі.
  - В) Көппен көрген ұлы той.
  - С) Үйде батыр, - жауға жоқ.
  - Д) Ел іші – алтын бесік.
  - Е) Туған жерге туың тік.
17. Жалқы есім бар сөйлемді табыңыз.
- А) Келген адамдар сәлем бере бастады.
  - В) Мен сені Алатаудың аясында қарсы аламын.
  - С) Адам ұлы адамша өмір сүрсін.
  - Д) Үстінде кестелген ақ көйлек.
  - Е) Кісі өлген қаралы ауыл.
18. Анықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді көрсетіңіз.
- А) Күш – білімде.



- В) Әйгерімнің білегінде күміс білезік жарқырайды.
- С) Бір досына шахмат сыйлады.
- Д) аулада гүл жайқалып өсті.
- Е) Терлемеген – терең білмес.

19. Баяндауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді белгілеңіз.

- А) Ердің сыншысы – елі.
- В) Оқуың көп, тоқуың қалай?
- С) Досымда жақсы кітап бар.
- Д) Бала біліммен көркем.
- Е) Темірді қызғанда соқ..

20. Толықтауыш қызметінде тұрған күрделі зат есімді табыңыз.

- А) Еңбегі аздың өнбегі аз.
- В) Мұз үстінде тайғанақ табаным.
- С) Тентек шоқпар жияр.
- Д) Отан – оттан да ыстық.
- Е) Кеншілер сарайы лық толы.

21. Негізгі зат есімді белгілеңіз.

- А) күнделік
- В) көркем
- С) ұлық
- Д) қол
- Е) ұғу

22. Анықтауыштық қызметте жұмсалған зат есімді табыңыз.

- А) Есімбектің үлкен үйі лық толған адам.
- В) Бекболат шаршап отыр.
- С) Қарашада аяз қысып кетті.
- Д) Ботадай боздап көрісті.

Е) Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен.

23. Берілген сөйлемде зат есімнің рең мәнін тудырып тұрған жұрнағын табыңыз.

«Абай өз әкесінің өзге болыссымақ атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді».

А) Абай

В) әкесінің

С) болыссымақ

Д) мықты

Е) өз

24. Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнағын табыңыз.

А) –лық В) – ым С) – ғы Д) – шық Е) – к

25. Сөйлемдегі зат есім қай сөз табынан жасалып тұр?

«Мен кеше күрегімді жоғалтып алдым».

А) сын есім

В) зат есім

С) үстеу

Д) етістік

Е) еліктеу

26. Жалқы есімді көрсетіңіз.

А) сөйлем

В) тәуелсіздік

С) бұлбұл

Д) ел

Е) көкшіл

27. Деректі зат есімді анықтаңыз.

А) азап

В) шабуыл

С) дәулет

Д) тас

Е) ар-ұят

28. Дерексіз зат есімді белгілеңіз.

А) алтыбақан

В) жер

С) даңқ

Д) дария

Е) жусан

29. Туынды зат есімді анықтаңыз.

А) он бес

В) он

С) адалдың

Д) жұт

Е) бірлік

30. Берілген сөйлем ішінен тура толықтауыш болып тұрған зат есімді табыңыз.

«Оның асы мен көңілі, өң-шырайы адамды дос етеді, тарта біледі».

А) асы мен көңілі

В) өң-шырайы

С) адамды

Д) дос

Е) оның

31. Зат есім тудырушы жұрнақтарды табыңыз.

А)-қар,-көр.

В)-сын,-сін.

С)-лық,-лік.

Д)-та,-те.

Е)-дан,-ден.

32. Негізгі зат есімді табыңыз.

А) Көмекші.

- В) Тарсыл.
- С) Білім.
- Д) Мәдениетті.
- Е) Қалам.

33. Зат есімді көрсетіңіз.

- А) Көмектесу.
- В) Басшы.
- С) Қалың.
- Д) Нешінші.
- Е) Қарсы алу.

34. Негізгі зат есімді табыңыз.

- А) Күздік.
- В) Көмекші.
- С) Кітап.
- Д) Өнерпаз.
- Е) Әнші.

35. Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.

- А) Дәріхана.
- В) Жақсылық.
- С) Қапшық.
- Д) Бөлме.
- Е) Достық.

36. Сын есімнен жасалған зат есімді белгілеңіз.

- А) Жақсылық.
- В) Шебер.
- С) Етікші.
- Д) Дүкенші.
- Е) Қонақ.

37. Туынды сөзді табыңыз.

- А) Кітапхана.

В) Жол.

С) Өлең.

Д) Күй.

Е) Жаз.

38. Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.

А) Жиын.

В) Үйсіз.

С) Қалалық.

Д) Өткір.

Е) Өтірікші.

39. Зат есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіз.

А) –лау, -леу.

В) –дыр, -ыр.

С) –шы, -ші.

Д) –дау, -деу.

Е) –с, -ыс.

40. Түбір сөзді көрсетіңіз.

А) Жазғы.

В) Ойшыл.

С) Күз.

Д) Ашулы.

Е) Ойсыз.

41. Негізгі зат есімді көрсетіңіз.

А) Таңертең.

В) Қайырымды.

С) Арбакеш.

Д) Өз бетінше.

Е) Тарих.

42. Туынды зат есімді көрсетіңіз

А) Салқын.

В) Домбыра.

С) Бұлт.

Д) Жаңбыр.

Е) Оқулық

43. Түбір сөзді көрсетіңіз.

А) Жазғы.

В) Ойшыл.

С) Күз.

Д) Ашулы.

Е) Ойсыз.

44. Туынды сөзді табыңыз.

А) Тілмен.

В) Тілші.

С) Тілге.

Д) Тілден.

Е) Тілді.

45. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды белгілеңіз

А) –ға, –ге.

В) –мен, –пен.

С) –дан, –ден.

Д) –ты, –ті.

Е) –ны, –ні.

46. Зат есім құрамына қарай қалай бөлінеді?

А) Дара, күрделі.

В) Негізгі, туынды.

С) Жіктеу, сілтеу.

Д) Есеп, топтау.

Е) Бастауыш, баяндауыш.

47. Зат есім тудырушы жұрнақтарды табыңыз.

А) –қар, –көр.

В)-сын,-сін.

С)-лық,-лік.

Д)-та,-те.

Е)-дан,-ден.

48.Негізгі зат есімді табыңыз.

А) Көмекші.

В) Тарсыл.

С) Білім.

Д) Мәдениетті.

Е) Қалам.

49.Зат есімді көрсетіңіз.

А) Көмектесу.

В) Басшы.

С) Қалың.

Д) Нешінші.

Е) Қарсы алу.

50.Негізгі зат есімді табыңыз.

А) Күздік.

В) Көмекші.

С) Кітап.

Д) Өнерпаз.

Е) Әнші.

51.Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.

А) Дәріхана.

В) Жақсылық.

С) Қапшық.

Д) Бөлме.

Е) Достық.

52.Сын есімнен жасалған зат есімді белгілеңіз.

А) Жақсылық.

- В) Шебер.
- С) Етікші.
- Д) Дүкенші.
- Е) Қонақ.

53.Туынды сөзді табыңыз.

- А) Кітапхана.
- В) Жол.
- С) Өлең.
- Д) Күй.
- Е) Жаз.

54.Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.

- А) Жиын.
- В) Үйсіз.
- С) Қалалық.
- Д) Өткір.
- Е) Өтірікші.

55.Зат есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіз.

- А) –лау,-леу.
- В) –дыр,-ыр.
- С) –шы,-ші.
- Д) –дау,-деу.
- Е) –с,-ыс.

56.Түбір сөзді көрсетіңіз.

- А) Жазғы.
- В) Ойшыл.
- С) Күз.
- Д) Ашулы.
- Е) Ойсыз.

57.Негізгі зат есімді көрсетіңіз.

- А) Таңертең.



В) Қайырымды.

С) Арбакеш.

Д) Өз бетінше.

Е) Тарих.

59. Туынды зат есімді көрсетіңіз

А) Салқын.

В) Домбыра.

С) Бұлт.

Д) Жаңбыр.

Е) Оқулық

60. Түбір сөзді көрсетіңіз.

А) Жазғы.

В) Ойшыл.

С) Күз.

Д) Ашулы.

Е) Ойсыз.

61. Туынды сөзді табыңыз.

А) Тілмен.

В) Тілші.

С) Тілге.

Д) Тілден.

Е) Тілді.

62. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды белгілеңіз

А) –ға, -ге.

В) –мен, -пен.

С) –дан, -ден.

Д) –ты, -ті.

Е) –ны, -ні.

63. Зат есім құрамына қарай қалай бөлінеді?

А) Дара, күрделі.

В) Негізгі, туынды.

С) Жіктеу, сілтеу.

Д) Есеп, топтау.

Е) Бастауыш, баяндауыш.

64. Заттың көптік мағынасын беретін жалғау түрін көрсетіңіз.

А) Көптік.

В) Жіктік.

С) Тәуелдік.

Д) Септік.

Е) Қосымша.

65. Көмектес септікте тұрған зат есімді көрсетіңіз.

А) Дәптердің.

В) Қызбен.

С) Кітапты.

Д) Гүлдер.

Е) Балаға.

66. Жіктік жалғауын белгілеңіз.

А) -сың, -сің.

В) -ға, -ге.

С) -дың, -дің.

Д) -нікі, -дікі.

Е) -да, -де.

67. Шығыс септіктегі сөзді белгілеңіз.

А) Саған

В) Сенің

С) Сіздер

Д) Сендерден

Е) Сіздермен

68. Тәуелдік жалғау жалғанған сөзді белгілеңіз.

- A) Шайға.
- B) Шайларыңыз.
- C) Шайдың.
- D) Шайнек.
- E) Шайдан.

69. Жатыс септіктің жалғауын белгілеңіз.

- A) -ба, -бе.
- B) -а, -е.
- C) -нан, -нен.
- D) -ты, -ті.
- E) -нда, -нде.

70. Барыс септік жалғауындағы сөзді табыңыз.

- A) Әкелер.
- B) Әкетай.
- C) Әкесіне.
- D) Әкежан.
- E) Әкесінікі.

71. Кімге? Неге? Қайда? - қай септіктің сұрақтары екенін белгілеңіз.

- A) Атау.
- B) Көмектес.
- C) Жатыс.
- D) Шығыс.
- E) Барыс.

72. Барыс септігінде тұрған сөзді белгілеңіз.

- A) Халықпен.
- B) Бидай.
- C) Оған.
- D) Адамды.

Е) Бйланыс.

73. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды көрсетіңіз.

А) –лар, -лер.

В) -ға, ге.

С) -мен, -бен.

Д) -тан, -тен.

Е) -інші, -нші.

74. Септік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.

А) Өздік.

В) Бесінші.

С) Басқар.

Д) Сызғышты.

Е) Қызғылт.

75. Септік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.

Ащы мен тұщыны татқан білер.

А) Ащы.

В) Мен.

С) Тұщыны.

Д) Татқан.

Е) Білер.

76. Жалпы есімді табыңыз.

А) Балқаш.

В) Сырдария.

С) Бетпақдала.

Д) Тау.

Е) Жамбыл.

77. Туынды зат есімді көрсетіңіз.

А) Еңбекті

В) Еңбекші

С) Еңбекпен

- Д) Еңбегің
- Е) Еңбектен

78. Туынды зат есім жасаушы қосымшаны көрсетіңіз.

- А) Сөйлем
- В) Қолға
- С) Мектеп
- Д) Әке
- Е) Кеңесші

79. Туынды зат есім жасаушы қосымшаны көрсетіңіз.

- А) Септік жалғау
- В) Көптік жалғау
- С) Жіктік жалғау
- Д) Тәуелдік жалғау
- Е) Жұрнақ

80. Көптік жалғаулы зат есімді табыңыз.

- А) Гүлдер
- В) Өлең
- С) Өтірік
- Д) Шын
- Е) Есік

81. Синонимдік қатар құрайтын зат есімді табыңыз.

- А) Суретші, сурет.
- В) Әдемі, сұлу.
- С) Жоғары, төмен.
- Д) Дәстүр, салт.
- Е) Ем, дәрі.

82. Туынды зат есімді табыңыз.

- А) Дүкен.
- В) Жерде.
- С) Айна.

Д) Жазушы.

Е) Ән.

83. Керекті зат есімді табыңыз.

Мен дүкеннен жаңа ... сатып алдым.

А) Сабақ.

В) Үй.

С) Көйлек.

Д) Дәптерде.

Е) Қаламның.

84. Зат есімнің жалпы есім түрін табыңыз.

А) Алакөл маңы.

В) Ердің анасы – елі.

С) «Балдырған» журналы.

Д) Қазақстан Республикасы.

Е) Есіл өзені.

85. Киім тігумен айналысатын адамды белгілеңіз.

А) Тігінші

В) Ұста

С) Хатшы

Д) Басшы

Е) Мұғалім

86. Туынды сөзді табыңыз.

А) Аң

В) Жұмыскер

С) Жол

Д) Оқ

Е) Ас

87. Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз.

А) Басқа

В) Аяғым

С) Кеудеден

Д) Қолдың

Е) Көзді

88. Негізгі зат есімді анықтаңыз.

А) Адам

В) Қойшы

С) Бұрғы

Д) Жақсылық

Е) Білім

89. Дерексіз зат есімді табыңыз.

А) Тұңғыш президент

В) Атақты ғалым

С) Алғашқы махабат

Д) Алғашқы ұстаз

Е) Жақсы адам

90. Күрделі жалқы есімді табыңыз.

А) Астана

В) Жомарт

С) Тараз

Д) Абай

Е) Қартқожа

91. Туынды сөзді табыңыз.

А) Оқушы

В) Қол

С) Ана

Д) Ас

Е) Аға

92. Кім? деген сұрақ қай сөзге қойылатынын табыңыз.

А) Үй

В) Алма

С) Бала

Д) Қоян

Е) Гүл

93. Түбір сөзді табыңыз.

А) Бұрғы

В) Ойыншық

С) Ауыл

Д) Атадан

Е) Егін

94. Жер-су аттарына қатысты жалқы есімді табыңыз.

А) Төле би

В) Асанқайғы

С) «Ботагөз»

Д) Ақтөбе

Е) «Астана хабары»

95. Заттық ұғымды білдіретін сөз табын табыңыз.

А) Сан есім

В) Есімдік

С) Зат есім

Д) Сын есім

Е) Етістік

96. Зат есімді табыңыз.

А) Екеу

В) Тарихи

С) Қызық

Д) Кең

Е) Қолөнер

97. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.

А) Шөп

В) Тұз



С) Кұс

Д) Басшы

Е) Үй

98. Түбір сөзді табыңыз.

А) Кісі

В) Апам

С) Дастарханға

Д) Бауырының

Е) Үйде

99. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.

А) Ағаң

В) Жұмысшы

С) Жұмыста

Д) Жұмыстар

Е) Кімсің

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Исаев, К.Назарғалиева, Ж.Дәулетбекова. Қазақ тілі. 6-сынып.
2. Ш.Есмағанбетов. Қазақ тіліне арналған дидактикалық материалдар.
3. Мақал мәйегі. Т.Рсаев. «Қазақ энциклопедиясы», 2007 ж.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2016 ж.
5. Н.Оразахынова, Е.Мұхтарова, Р.Шалова. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының сабақ үлгілері (Әдістемелік құрал)

### *Интернет ресурстары:*

1. [http://megamozg.kz/index.php?page=view\\_mat&id=3240&partition=other&subpartition=articles\\_kazakh](http://megamozg.kz/index.php?page=view_mat&id=3240&partition=other&subpartition=articles_kazakh)
2. <https://znaniya.com/task/16778092>
3. <https://ulagat.com/2020/12/19/%D1%82%D1%96%D0%BB-%D0%B1%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BC%D1%96-%D0%B6%D3%99%D0%BD%D0%B5-%D0%BE%D0%BD%D1%8B%D2%A3-%D1%81%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/>
4. <https://kyn.kz/%D0%A1%D2%B1%D1%80%D0%B0%D2%9B/18576/>

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....	4
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.....	7
Зат есім бойынша тапсырмалар.....	10
Қайталауға арналған тест тапсырмалары.....	29
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	50

## ***ҰСЫНЫСТАР ҮШІН***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ИННОВАЦИЯ»**



Электронды почта: [qazinnovation@mail.ru](mailto:qazinnovation@mail.ru)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электронды почта: [innovation.kz@bk.ru](mailto:innovation.kz@bk.ru)